

Шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан ақша және (немесе) өзге де мүлік алғаны туралы мемлекеттік кірістер органдарына хабарлау қағидаларын, нысанын және мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 20 ақпандағы № 241 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 5 наурызда № 16496 болып тіркелді.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 29-бабы 1 -тармағы бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан ақша және (немесе) өзге де мүлік алғаны туралы мемлекеттік кірістер органдары хабарламаларының қағидалары және мерзімдері;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан ақша және (немесе) өзге де мүлік алғаны туралы мемлекеттік кірістер органдары хабарламаларының нысаны бекітілсін.

2. "Жеке және занды тұлғалардың және (немесе) занды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан ақша және (немесе) өзге де мүлік алғаны туралы мемлекеттік кірістер органдары хабарламаларының қағидаларын, нысанын және мерзімдерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14381 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 14 қарашада жарияланған) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 19 қазандағы № 553 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Тенгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап он күнтізбек күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы"

шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Каржы министрі*

*Б. Сұлтанов*

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлік  
2018 жылғы 20 ақпанды  
№ 241 бұйрығына  
1-қосымша

**Шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан ақша және (немесе) өзге де мүлік алғаны туралы мемлекеттік кірістер органдары хабарламаларының қағидалары және мерзімдері 1-тарау. Жалпы ереже**

1. Осы Құрылымдық бөлімшелерінің шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан ақша және (немесе) өзге де мүлік алғаны туралы мемлекеттік кірістер органдары хабарламаларының қағидалары және мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 29-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және жеке және заңды тұлғалардың және (немесе) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің (бұдан әрі – субъект) шет мемлекеттерден, халықаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан (бұдан –көз) ақша және (немесе) өзге де мүлік алғаны туралы мемлекеттік кірістер органдары хабарламаларының (бұдан әрі - Хабарлама) тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

## **2-тарау. Хабарламаларды ұсыну тәртібі және мерзімдері**

2. Субъектілер көздерден 1 теңгеден асатын мөлшерде, олармен жасалған мәмілелер бойынша ақша және (немесе) өзге де мүліктерді алғаны және мынадай қызмет түрлеріне:

зандық көмек көрсетуге, оның ішінде құқықтық ақпарат беруге, азаматтармен үйымдардың мұдделерін қорғауға және білдіруге, сондай-ақ оларға консультация беруге;

қоғамдық пікірге саулнамаларды, әлеумет танушылық саулнамаларды ( коммерциялық мақсатта жүргізілетін қоғамдық пікірге саулнамалар мен әлеуметтанушылық саулнамаларды қоспағанда) зерделеуге және жүргізуғе, сондай-ақ олардың нәтижелерін таратуға және орналастыруға;

аталған қызмет коммерциялық мақсаттарда жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, ақпаратты жинауға, талдауға және таратуға бағытталғаны туралы орналасқан/тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарын хабардар етеді

3. Хабарлама алынуға жататын деректерді міндettі түрде толтырып, көздерден алынған ақша және (немесе) өзге де мүлік алынған күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

4. Алу сомасын, міндettемелерді орындау мерзімін өзгерту бөлігінде ақша және ( немесе) өзге де мүлік алу шарттарына бұрын өзгерістер енгізілген жағдайда Хабарлама алу шарттарына өзгерістер енгізілген күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылады.

5. Көздерден алынған ақша және (немесе) өзге де мүлік қайтарылған жағдайда негізгі хабарламаның тіркеу нөмірін көрсете отырып және "алу" белгісімен көрсетілген сомалық мәнді көздейтін бағандарды қоспағанда, бұрын барлық деректемелер көрсетілген бағандарды толтырып, қайтару күнінен кейінгі күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде "Қосымша" түрін көрсете отырып Хабарлама жолданады.

Бұл ретте осы Қағидалардың мақсатында тіркеу нөмірінің пішіні мынадай деректерді:

1) Салық кодексінің 18-бабы 2-тармағына сәйкес уәкілдеп тұраған жағдайда мемлекеттік кірістер органының кодын;

2) хабарламаны қабылдау күнін;

3) хабарламаның кіріс нөмірін қамтиды.

6. Хабарламаға өзгерістер енгізілген жағдайда, "алу" белгісімен көрсетілген сомалық мәнді көздейтін бағандарды қоспағанда, бұрын барлық деректемелер көрсетілген бағандарды толтырып, "Қосымша" түрін көрсете отырып хабарлама жолданады.

Жаңа жолмен дұрыс деректемелермен және сомалармен бағандарда жаңа мән енгізіледі.

7. Хабарламаға толықтырулар енгізілген жағдайда, негізгі хабарламаның тіркеу нөмірін және жаңа мәліметтерді көрсетіп, "Қосымша" түрін көрсете отырып хабарлама ұсынылады, бұл ретте, реттік нөмір кезекті (қосымша) хабарламаның соңғы жолынан кейінгі жолдан басталады.

8. Кешенді және тақырыптық тексерулер жүргізу кезеңінде (ұзарту мен тоқтатуды қоса алғанда) тексерілетін салық кезеңі бойынша бұрын берілген хабарламаларға өзгертулер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

9. Субъектілер өз таңдауы бойынша хабарламаны:

келу тәртібінде - қағаз жеткізгіште;

салық есептілігін қабылдау және өндеу жүйесі арқылы ақпараттарды компьютерлік өндеуге жол беретін электрондық нысанда ұсынады.

10. Қағаз жеткізгіштегі хабарламаға жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын занды тұлғаларды қоспағанда, субъектінің қолы қойылады және оның мөрімен куәландырылады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 23.05.2019 № 476 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

11. Электрондық нысанда хабарлама салық есептілігін қабылдау және өндеу жүйесі арқылы табыс етіледі, субъектінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

Хабарламаны ұсыну кезінде:

қағаз жеткізгіште келу тәртібінде - екі данада жасалады, мемлекеттік кірістер органының белгісі қойылған бір данасы салық төлеушіге қайтарылады және міндетті түрде хабарламаның кіріс нөмірі көрсетіледі;

электрондық нысанда - субъект осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламаны мемлекеттік кірістер органы қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы растаманы алады.

12. Электрондық нысанда ұсынылған хабарламаға салық есептілігін қабылдау және өндеу жүйесі орталық торабының тіркеу нөмірі беріледі.

13. Қағаз жеткізгіште ұсынылған хабарламаға тіркеу нөмірі беріледі және мемлекеттік кірістер органдары салық есептілігін қабылдау және өндеу жүйесіне мәліметтерді енгізуі жүзеге асырады.

14. Қағаз жеткізгіште хабарламаны ұсынған кезде хабарламаны мемлекеттік кірістер органдарының қабылдаған күні, электрондық нысанда - салық есептілігін қабылдау және өндеу жүйесінің орталық торабы қабылдаған күні хабарламаны табыс еткен күн болып табылады.

15. Хабарламада, егер:

1) мемлекеттік кірістер органының коды көрсетілмесе;  
2) жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес сәйкестендіру нөмірі) (бұдан әрі – ЖСН (БСН) көрсетілмесе немесе дұрыс көрсетілмесе;

3) ақша және (немесе) өзге де мүлікті берген көздің атауы көрсетілмесе немесе дұрыс көрсетілмесе;

4) қағаз жеткізгіште жасалған мәліметтерге жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын занды тұлғаларды қоспағанда, субъектілердің қолы қойылмаса, сондай-ақ мөрімен куәландырылмаса, мемлекеттік кірістер органдарына табыс етілмеген болып саналады.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – КР Қаржы министрінің 23.05.2019 № 476 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-тaraу. Хабарламаларды толтыру жөніндегі түсініктеме**

16. "Жеке тұлға, занды тұлға (құрылымдық бөлімше) туралы жалпы ақпарат" бөлімінде мынадай деректер көрсетіледі:

1) ЖСН (БСН) – осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес көздерден ақша және (немесе) өзге де мүлік алған субъектінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес сәйкестендіру нөмірі);

2) тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) немесе занды тұлғаның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы - осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыруға бағытталған көздерден ақша және (немесе) өзге де мүлік алған субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) немесе атауы;

3) хабарламаның түрі.

Тиісті торкөзге өтінішті негізгі немесе қосымша түріне жатқызу есебімен белгі қойылады;

4) негізгі хабарламаның кіріс (тіркеу) нөмірі – "қосымша" түрінің 3-жолына белгі қойылған жағдайда толтырылатын негізгі хабарламаның нөмірі.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – КР Қаржы министрінің 23.05.2019 № 476 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. "Ақша және (немесе) өзге де мүлік алынғаны туралы ақпарат" бөлімінде:

1) А бағанында – көздерден субъектілер ақша және (немесе) өзге де мүлік алғаны туралы деректер көрсетілетін кесте жолының реттік нөмірі;

2) В бағанында – алу күніне валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада алынған ақша сомасы көрсетіледі.

В бағанының қорытынды шамасы "Қорытынды" жолы бойынша көрсетіледі және барлық беттің осы бағанда көрсетілген барлық сомаларын қосу жолымен айқындалады;

3) С бағанында – алынған мүліктің атауы;

4) Д бағанында – алынған мүліктің сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда);

5) Е бағанында – алынған мүліктің саны;

6) F бағанда – алу күніне валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютада алынған мүліктің құны көрсетіледі.

Ф бағанының қорытынды шамасы "Қорытынды" жолы бойынша көрсетіледі және барлық беттің осы бағанда көрсетілген барлық сомаларын қосу жолымен айқындалады.

7) Г бағанында – қызметтің түрлері:

А – заңдық көмек көрсетуге, оның ішінде құқықтық ақпарат беруге, азаматтармен ұйымдардың мүдделерін қорғауға және білдіруге, сондай-ақ оларға консультация беру;

В – қоғамдық пікірге сауалнамаларды, әлеумет танушылық сауалнамаларды (коммерциялық мақсатта жүргізілетін қоғамдық пікірге сауалнамалар мен әлеумет танушылық сауалнамаларды қоспағанда) зерделеуге және жүргізуғе, сондай-ақ олардың нәтижелерін таратуға және орналастыру;

С – аталған қызмет коммерциялық мақсаттарда жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, ақпаратты жинауға, талдауға және тарату;

8) Н бағанында – ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алу көзінің коды:

1 – шетел мемлекеті;

2 – халықаралық және шетел ұйымы;

3 – шетелдік;

4 – азаматтығы жоқ тұлға;

9) I бағанында – ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті алу көзі елінің атауы;

10) J бағанында – резиденттік елінде ақша және (немесе) өзге де мүлікті алу көзінің атауы;

11) K бағанында – ақша және (немесе) өзге де мүлікті алу көзінің тіркеу нөмірі, азаматтығы жоқ тұлғалар бойынша жеке басын қуәландыратын құжаттының нөмірі көрсетіледі;

12) L бағанында – ақша және (немесе) өзге де мүлікті алу туралы құжаттың күні (бар болған жағдайда);

13) M бағанында – ақша және (немесе) өзге де мүлікті алу туралы құжаттың нөмірі (бар болған жағдайда).

18. "Жеке тұлғаның, заңды тұлғаның (құрылымдық бөлімшениң) жауапкершілігі" бөлімінде:

1) "Жеке тұлғаның немесе заңды тұлға (құрылымдық бөлімшеше) басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)" жолында

немесе субъект басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі және хабарламаны ұсыну күні көрсетіледі;

2) хабарламаны ұсыну күні – хабарламаны мемлекеттік кірістер органына ұсынудың ағымдағы күні;

3) орналасқан жері/тұратын жері бойынша мемлекеттік кірістер органының коды;

4) "Хабарламаны қабылдаған лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)" жолында хабарламаны қабылдаған мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және хабарламаны қабылдау күні көрсетіледі;

5) хабарламаны қабылдау күні – Салық кодексінің 29-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес хабарламаны ұсыну күні;

6) хабарламаның кіріс нөмірі – мемлекеттік кірістер органы беретін хабарламаның тіркеу нөмірі.

Осы тармақтың 4), 5) және 6) тармақшалары хабарламаны қағаз жеткізгіште қабылдаған мемлекеттік кірістер органының қызметкері толтырады.

Шет мемлекеттерден,  
халықаралық және шетелдік  
ұйымдардан, шетелдіктерден,  
азаматтығы жоқ адамдардан  
ақша және (немесе) өзге  
де мүлік алғаны туралы  
мемлекеттік кірістер органдары  
хабарламаларының  
қағидаларына және мерзімдеріне  
қосымша  
нысан

## **Мемлекеттік кірістер органының хабарламаның қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы растауы**

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)

Салық төлеушінің атауы/тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

Хабарлама нысанының коды \_\_\_\_\_ нұсқа \_\_\_\_\_

Хабарлама нысанының түрі \_\_\_\_\_

Хабарлама нысанының атауы \_\_\_\_\_

Хабарлама берілген жыл \_\_\_\_\_

Қабылдау тәсілі \_\_\_\_\_

Алушы - мемлекеттік кірістер органының коды \_\_\_\_\_

Хабарлама құжатының кіріс (тіркеу) нөмірі: \_\_\_\_\_

Хабарламаны өндіру	Жүйе	Мәртебесі	Мерзімі/ уақыты

Хабарламаны қабылдау кезіндегі қателіктер:

Қолданбалы сервердің қолтаңбасы

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы 20 ақпандығы  
№ 241 бұйрығына  
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 23.05.2019 № 476 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Шет мемлекеттерден, халыкаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтың жок адамдардан акша және (немесе) озге де мүлік алғаны туралы мемлекеттік кірістер органына хабарлама» есептілігін жасау көзіндегі оқытушы.

«Шет мемлекеттерден, халыкаралық және шетелдік ұйымдардан, шетелдіктерден, азаматтың жок адамдардан акша және (немесе) озге де мүлік алғаны туралы мемлекеттік кірістер органына хабарлама» есептілігін жасау көзіндегі оқытушы.

НАЗАР АУДАРЫНЫҢ! ҚАРА не КОК сияқта каламмен немесе калампен баспаханалық БАС ОРПІТЕРМЕН толтырыны.

Бөлім. Жеке тұлға, заңды тұлға (құрылымдық болімшесі) туралы жалпы акпарат

1	ЖСН (БСН)														
2	Жеке тұлғаның тегі, аты, жекеңін аты (болған кезде) немесе заңды тұлғаның және (немесе) заңды тұлғаның құрылымдық болімшесінің														
3	Хабарлама түрі (тиктік төркөде <input checked="" type="checkbox"/> көрсетілісі):	негізгі	<input type="checkbox"/>	косымша	<input type="checkbox"/>										
4	Хабарламаның кіріс (тіркеу) номірі: (3-ші төркөде «косымша» түрін белгі қою жағдайда толтырылады)														
<b>Бөлім. Акша және (немесе) озге де мүлік алғаны туралы акпарат</b>															
A Реттік номірі	B Алынған акша сомасы (тенге)	C Алынған мүліктің атауы	D Мүліктің сыйкестендіру	E Алынған мүліктің номірі (болған жағдайда)	F Алынған мүліктің саны										
0 0 0 1	моздр. мзж. мын.	ЖИЫНЫН (жол ТЕК иысансың жынысы бойынша толтырылады)	моздр.	мзж.	мын.										

ЖСН (БСН)											иысаш 017.00 бет 02
<b>Бөлім. Акша және (немесе) озге де мүлік алғаны туралы акпарат</b>											
A Реттік номірі	G Қызымет түрі*	H Алу көзінің коды**	I Ж баганында көрсетелген алу көзінің сліни атауы	J Акша және (немесе) баска да мүлікті алғаны алу көзінің атауы	K Ж баганында көрсетелген алу көзінің тіркеу номірі/ жеке кісінің күлаңдыратын күжаттын номірі	L Акша және (немесе) озге де мүлік алғаны құжаттын күни	M Акша және (немесе) озге де мүлік алғаны құжаттын номірі				
0 0 0 1											

**Бөлім. Жеке тұлғаның, заңды тұлғаның (құрылымдық болімшесін) жауапкершілігі**

Мен осы хабарламада көлтірілген мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығын растимын және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік көтеремін

Шектеу сыйынаны шыққаны:	Хабарламаны тапсырылған күн:	Мемлекеттік кірістер органының коды
Жеке тұлғаның/Заңды тұлға (құрылымдық болімшесі) басшының тегі, аты, жекеңін аты (болған кезде)	Күн, айы, жыл, сандармен	Мор орны***
Хабарлама кабылдаудан наузаудың алғашын тегі, аты, жекеңін аты (болған кезде)	Хабарламаның кабылданған күн:	Хабарламаның кіріс номірі
Коды	Күн, айы, жыл, сандармен	Мортабан орны

Ескерте:

\* Қызымет түрлері:

- А - заңдық комек көрсету, сонын ішінде қызықтық акпаратандыру, азаматтардың және үйимнін мүддесін көргө және оқілдік ету, соңдай-ак, оларға кенестер беру;
- В - зерделсүз және көзмәдік пікірлерге сұраудар, алеуметтік сұраудар (комерциялық мекемәттің жүргізулетін көзмәдік және алеуметтік сұраударды қосынғанда) жүргізу, соңдай-ак олардың истихессін тарату және ариналастыру;
- С - көрсетелген қызымет комерциялық мекемәттің жүргізулетін жағдайдағы қосынғанда акпаратты жинау, талдау және тарату.

\*\* Алу көзінің коды:

- 1 – шетел мемлекеті;  
2 – халыкаралық және шетел ұйымы;
- 3 – шетелдік азаматы;  
4 – азаматтыры жок тұлға;

\*\*\* Жеке кәсіпкерлік субъекттердің қосынғанда

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК